

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасында Қаржылай көмекке қатысты атқару хаттамасын жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 466 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімнің және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Қаржылай көмекке қатысты атқару хаттамасының жобалары мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бастығының тыл жөніндегі орынбасары - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Тыл департаментінің бастығы Қажығали Сипуллаұлы Мұқатовқа Келісім мәтініне қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атқару хаттамасы мәтініне қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасында Қаржылай көмекке қатысты атқару хаттамасын жасассын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі,

көпжылдық қалыптасқан достық қарым-қатынасты растай отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 8 тамыздағы Әскери ғылым, техника және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1993 жылғы 23 ақпандағы Әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

екіжақты әскери ынтымақтастықты нығайту және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалауға көмек көрсету мақсатында, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметіне Түрік Республикасының Үкіметі АҚШ долларына баламалы 2 362 500 000 000 (екі триллион үш жүз алпыс екі миллиард бес жүз миллион) түрік лирі сомасында өтеусіз әскери көмек береді.

Өтеусіз әскери көмек беру 2003 жылдан басталады.

2-бап

Осы Келісім бойынша көрсетілетін өтеусіз көмектің АҚШ долларына баламалы 2 250 000 000 000 (екі триллион екі жүз елу миллиард) түрік лирі сомасындағы бөлігі материалдар мен қызметтер көрсету түрінде беріледі, ал АҚШ долларына баламалы 112 500 000 000 (бір жүз он екі миллиард бес жүз миллион) түрік лирі сомасындағы басқа бөлігі Түрік Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық көмек түрінде беріледі.

3-бап

АҚШ долларына баламалы 2 362 500 000 000 (екі триллион үш жүз алпыс екі миллиард бес жүз миллион) түрік лирі сомасындағы өтеусіз көмек Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімге сәйкес жасасатын тылдық қамтамасыз ету және қаржылай көмек көрсету жөніндегі атқару хаттамаларына сәйкес іске асырылатын болады.

4-бап

Қазақстан Тарабы, Түрік Тарабынан алынған материалдар мен қызметтер көрсетуді немесе оларды пайдалану құқығын Түрік Тарабының алдын ала келісімін алмай, үшінші Тарапқа бермеуге келісті.

5-бап

Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді Тараптардың мынадай құзыретті органдары і с к е а с ы р а д ы :

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
Түрік Тарапынан - Түрік Республикасының Бас штабы.

6-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаларын алған күннен бастап к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім мен 3-бапта атап көрсетілген атқару хаттамалары Түрік Республикасының Үкіметі материалдық және қаржылық көмекті Қазақстан Республикасының Үкіметіне толық берген сәтінен бастап өзінің қолданылуын т о қ т а т а д ы .

Осы Келісімді іске асыру кезінде Тараптар арасында туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар жолымен шешілетін болады.

2002 жылғы " _____ " _____ каласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін талқылауда келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Түрік Республикасының*

Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Қаржылай көмекке қатысты АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери көмек туралы келісім шеңберінде берілетін қаржылай көмекті пайдалану туралы мынадай баптар бойынша келісті.

1-бап

Мақсаты

Осы Атқару хаттамасының мақсаты Қазақстан Республикасының Үкіметіне Түрік Республикасының Үкіметі беретін АҚШ долларына баламалы 112 500 000 000 (бір жүз он екі миллиард бес жүз миллион) түрік лирі сомасындағы қаржылай көмектің негізгі бағыттарын белгілеу болып табылады.

2-бап

Қолдану аясы

Түрік Тарабы беретін қаржылай көмек мынадай іс-шараларды қамтамасыз ету мақсатындағы шығыстарға ақы төлеу үшін пайдаланылатын болады:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қызметкерлерінің Түрік Республикасында "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" курстарында болуы.

2. Түрік Республикасы әскери делегациясының Халықаралық әскери көмек бағдарламасын жоспарлау мақсатында Қазақстан Республикасына келуі.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қызметкерлерінің екіжақты қарым-қатынастарды кеңейту және "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасы бойынша НАТО-ның іс-шараларына қатысу мақсатында Түрік Республикасына келуі.

4. Брюссель қаласындағы (Бельгия Корольдігі) НАТО-ның штаб-пәтері жанындағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Әскери өкілінің қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету.

5. Тараптардың өзара келісуі бойынша жүзеге асырылатын басқа да іс-шаралар.

3-бап

Іске асыру қағидаттары

Қаржылай көмекті іске асыру қағидаттары:

1. АҚШ долларына баламалы 11 250 000 000 (он бір миллиард екі жүз елу миллион) түрік лирі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қызметкерлері үшін Түрік Республикасында болу уақытында курстарды ұйымдастыруға жұмсалатын шығыстарды жабу үшін беріледі, бұл ретте осы соманы пайдаланудың мынадай негізгі бағыттары айқындалады:

а) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери қызметкерлерінің авиабилеттерге, тамақтануға, тұратын орынға, курстарға ақы төлеуге жұмсайтын шығыстары, сондай-ақ басқа да шығыстар.

б) қазақстандық әскери қызметкерлерді курстарға жіберу үшін іріктеу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлеген әскери оқу орындарына қабылдаудың қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес жыл сайын өткізілетін болады.

Егер оқытуға байланысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қажеттілігі осы мақсаттарға бөлінген сомадан асатын болған жағдайда, Түрік Республикасының Бас штабы қосымша шығыстарды жабу үшін қажетті шаралар қ а б ы л д а й т ы н б о л а д ы .

2. АҚШ долларына баламалы 11 250 000 000 (он бір миллиард екі жүз елу миллион) түрік лирі Халықаралық әскери көмек бағдарламасын жоспарлау мақсатында Қазақстан Республикасына келетін Түрік Республикасы әскери делегацияларының көліктік шығыстарын, сондай-ақ тамақтану мен тұратын орнына жұмсалатын шығыстарын жабу ү ш і н б е р і л е д і .

3. АҚШ долларына баламалы 11 250 000 000 (он бір миллиард екі жүз елу миллион) түрік лирі Тараптар арасындағы екіжақты қарым-қатынасты кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қызметкерлерінің Түрік Республикасына сапарына байланысты шығыстарды және НАТО бағдарламасы бойынша "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" іс-шараларына қатысуға жұмсалатын шығыстарды жабу үшін беріледі. Бұл ретте Қазақстан Тарабы осы соманы пайдаланудың негізгі бағыттарын айқындайды.

4. АҚШ долларына баламалы 67 500 000 000 (алпыс жеті миллиард бес жүз миллион) түрік лирі Брюссель қаласындағы (Бельгия Корольдігі) НАТО-ның штаб-пәтері жанындағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Әскери өкілінің қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуге жұмсалатын шығыстарды жабу үшін беріледі. Бұл ретте берілетін ресурстар Қазақстан Республикасы Әскери өкілінің мынадай шығыстарын жабу үшін пайдаланылатын б о л а д ы :

а) қызметтік және тұрғын үй-жайларды жалға алу (жылу мен электр бойынша шығыстарды қ о с а а л ғ а н д а) ;

б) тұрғын және қызметтік үй-жайларды, сондай-ақ пайдалануға берілген мүліктерді жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

в) телефон және факсимильдік байланыс қызметі;

г) кеңсе тауарларын сатып алуға жұмсалатын шығыстар;

д) Қазақстан тарабы Түрік тарабының қарауына енгізуі мүмкін басқа шығыстар.

5. АҚШ долларына баламалы 11 250 000 000 (он бір миллиард екі жүз елу миллион) түрік лирі осы Атқару хаттамасының қолданылуы барысында Тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылатын басқа да іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстарды жабу үшін пайдаланылатын болады.

6. Осы Атқару хаттамасына сәйкес қаржылай көмекті Түрік Тарабы Түрік Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің Әскери атташесі айқындайтын банктегі шотқа аударатын болады. Бұл ретте қаржылық көмегін пайдаланылуын бақылауды осы Атқару хаттамасына сәйкес Түрік Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің Әскери атташесі жүзеге асыратын болады.

7. Қажет болған кезде ресурстарды қайта бөлуді Қазақстан Тарабының келісімі бойынша Түрік Тарабы жүргізеді.

4-бап

Толықтырулар мен өзгерістер

Осы Атқару хаттамасына Тараптардың өзара келісімі бойынша Атқару хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Атқару хаттамасының 6-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Атқару хаттамасын орындау барысында туындайтын барлық келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілетін болады.

5-бап

Қолданылу мерзімі

Осы Атқару хаттамасы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Түрік Республикасының Бас штабы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімнің 2-бабында көзделген қаржылай көмекті толық бергенге дейін күшінде болады.

6-бап

Бекіту және күшіне енуі

Осы Атқару хаттамасы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаларын алған күннен бастап күшіне енеді.

7-бап

Мәтіні және қолдар

Осы Атқару хаттамасы _____ жылғы "_____" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Атқару хаттамасының ережелерін талқылауда келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін*

Түрік Республикасының

Бас штабы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК